

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

Қазақстан Республикасы ІІМ Мәкен Есболатов атындағы Алматы академиясының ғылыми-әдістемелік кеңесі - ұжымдық басқару органы болып табылады.

Мәкен Есболатов атындағы Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясының ғылыми-әдістемелік кеңесі өз қызметінде келесі құжаттарды басшылыққа алады: Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ «Білім туралы» заңы; Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі №157 бұйрығымен бекітілген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының ұжымдық басқару органдарының жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары; сондай-ақ Мәкен Есболатов атындағы Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясының Жарғысы.

ҒӘК құзыретіне мыналар жатады: профессорлық-оқытушылық құрамның, ғылыми қызметкерлер мен білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметін үйлестіру; оқу және ғылыми әдебиеттерді баспаға дайындаудың тақырыптық жоспарларын айқындау; Академияда шығарылатын ғылыми, оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттердің жоғары ғылыми және әдістемелік деңгейін қамтамасыз етуді бақылау; қолжазбалардың сапасын бағалау.

Ғылыми-әдістемелік кеңестің төрағасы – Қазақстан Республикасы ІІМ Мәкен Есболатов атындағы Алматы академиясы бастығының орынбасары, заң ғылымдарының докторы, профессор, полиция полковнигі **Жанат Рахимжанқызы Дильбарханова**;

Ғылыми-әдістемелік кеңестің төраға орынбасары - Қазақстан Республикасы ІІМ Мәкен Есболатов атындағы Алматы академиясы Қосымша білім беру факультетінің бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), полиция полковнигі, **Александр Герасимович Кан**;

Ғылыми-әдістемелік кеңестің хатшысы – Қазақстан Республикасы ІІМ Мәкен Есболатов атындағы Алматы академиясы Ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің аға ғылыми қызметкері, полиция подполковнигі **Аскар Талғатұлы Берекенов**.

Ғылыми-әдістемелік кеңестің қызметі өз құзыретіне кіретін мәселелерді ұжымдық және ашық талқылау қағидаттарына негізделеді.

ҒӘК-тің негізгі міндеттері:

1. Оқу процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету сапасына мониторинг жүргізуді ұйымдастыру;
2. Академия қызметкерлері дайындаған оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, құралдарды және өзге материалдарды сараптау, баспаға ұсыну және шығаруға ұсыным беру;
3. Академиядағы ғылыми үдерісті әдістемелік қамтамасыз ету және жетілдіру;
4. Ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру мен жетілдіру бойынша озық тәжірибені жинақтау және тарату;

5. Педагогикалық және ғылыми кадрлардың біліктілігін арттыру, қайта даярлау және аттестаттау жүйесінің ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуін жетілдіру;

6. Сапа менеджменті жүйесін дамыту және әдістемелік әзірлемелер нәтижелерін оқу процесіне енгізу жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

7. Академиядағы әдістемелік жұмыстарды үйлестіру;

8. Бөлімшелердің ғылыми жұмыстарын ұйымдастыру және қарастыру;

9. Педагогикалық және ғылыми ұжымның ғылыми-әдістемелік әлеуетін арттыру бойынша жұмыстарды үйлестіру;

10. Ғылымды дамыту мәселелері және оның басым бағыттарын айқындау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

11. Білім беру қызметкерлерін аттестаттауға қатысу.

ҒӘК қызметінің негізгі бағыттары:

1. ҚР ІІМ-нің, аумақтық полиция бөлімшелерінің тапсырыстары бойынша, сондай-ақ Академияның бастамашыл тақырыптары бойынша ғылыми жұмыстар жоспарларын қарастыру және келісу;

2. Құқық қолдану тәжірибесінің өзекті бағыттары бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған тапсырыстарды орындау;

3. Академияның оқу және ғылыми қызметін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету мәселелерін қарастыру;

4. Ғылыми қызметке қатысты нормативтік-құқықтық актілер жобаларын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу және талқылау;

5. Оқу құралдарын, оқу-әдістемелік және дидактикалық материалдарды, соның ішінде электрондық форматта әзірлеуді ұйымдастыру;

6. Бөлімшелердің жылдық ғылыми-зерттеу қызметі жоспарларын келісу және бекіту;

7. Ғылыми-әдістемелік жұмысты жетілдіру және құқық қолдану тәжірибесінің өзекті бағыттары бойынша семинарлар, конференциялар мен кеңестер ұйымдастыру және өткізу.